

Кортабаева Г.К., Сарсен Ш.М.

Қырғыз халқының музыкалық аспаптары: лингвомәдени талдау

Мақалада қырғыз халқының музыкалық аспаптары, олардың бір-неше түрлері қарастырылған, сондай-ақ музыкалық аспаптарға жеке-жеке анықтама берілген. Мақаланың мақсаты – қырғыз халқының музыкалық аспаптары, фольклоры халықтың еркіндікті сүйетін, ашық – ақжарқын ер мінезді халықтың тарихын музыкасы арқылы берілетінін дәлелдеу.

Түйін сөздер: музыкалық аспаптар, қомыз, қырғыз халқы, фольклор, түркі тілдес халықтар.

Kortabaeva G.K., Sarsen Sh.M.

The musical instruments of the Kyrgyz people: linguistic cultural excursion

The article discusses the musical instruments of the Kyrgyz people, kinds of musical instruments and provides definitions also considered. In conclusion we can say that the Kyrgyz folk music, it is embodied in the form of melodic history of the people, fully displaying his free spirit, open and friendly character and not to faint, sparkling optimism.

Key words: musical instruments, komuz, Kyrgyz people, folklore, Turkic people.

Кортабаева Г.К., Сарсен Ш.М.

Музыкальные инструменты кыргызского народа: лингвокультурологический экскурс

В статье рассматриваются музыкальные инструменты кыргызского народа, виды музыкальных инструментов и даются определения. Музыкальный фольклор кыргызов – это запечатленная в мелодической форме история народа, в полной мере отображающая его свободолюбивый дух, открытый и приветливый нрав и неунывающий, искрометный оптимизм.

Ключевые слова: музыкальные инструменты, комуз, кыргызский народ, фольклор, тюркоязычные народы.

**ҚЫРҒЫЗ
ХАЛҚЫНЫҢ
МУЗЫКАЛЫҚ
АСПАПТАРЫ:
ЛИНГВОМӘДЕНИ
ТАЛДАУ**

Түркі халықтарының музыкалық мәдениеті талай ғасырлар жемісі. Кез келген халықтың музыкалық мұраларын алып қарастырғанда олардың ұзақ уақыттардан ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан мәдени мұрасы екендігіне көзіміз жетеді. Әлемде 40-тан аса түркі халықтары болса, олардың өмір сүріп жатқан территорияларын, өмір салтын білгенімізбен, музыкалық аспаптары туралы толық хабардар емеспіз, сол себепті музыканы танып-білуде арнайы зерттеу жұмысын жүргізуді қажет деп таптық. Осы тұрғыдан біз түркі халықтарының ішінен қырғыздардың музыкалық аспаптарына жеке тоқталып өтуді жөн көрдік.

Музыка – адамның ішкі әлемінің көрінісі, сондай-ақ халықтың рухани өмірінің бейнесі. Зерттеуші В.Виноградов «Музыка аспаптарының өзара байланыстылығы тайға таңба басқандай болып ап-айқын көрінетін белгілері Солтүстікке, Орталық Қазақстан мен Оңтүстік Сібірге, Алтайға жетелейді» дейді [1; 71]. Сол себепті де кез келген халықтың рухани-мәдени мұрасы саналатын аспаптары өздерінің атауларына, құрылысына, пішініне, ойылған өрнегіне, тіпті үніне қарай әрбір ұлтқа тән, сол ұлттың рухани өмірін бейнелейтін ерекшелігімен сипатталады.

Орталық Азиядағы көптеген халықтар секілді қырғыз халқы да музыкаға өте жақын, оған дәлел ретінде осы күнге дейін сақталған, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жетіп отырған ұлттық әуендері мен тамаша ән өнерін айтуға болады. Қырғыздар ертеден сөздің магиялық күдіретіне сенген, сол себепті де ұзақ ғасырлар бойы көптеген діни және салттық әндерді тудырған. Шамандар, бақсылар, емшілер орындаған әндер уақыт өте келе халық арасына кеңінен тарап, ата-бабаларынан қалған фольклорлық мұраның негізін қалады. Қырғыз халқының музыкасы бастауын сонау көнеден алады. Зерттеушілердің бәрі қырғыздардың музыка мен поэзияға деген махаббаты жайында айтады. Өткен ғасырларда музыка қоғамдағы түрлі жағдайлардың куәсі болған, мерекелерде, отбасылық жиындарда, тіпті соғысқа шығарда да музыкамен шығарып салып отырған [2;251].

Қырғыз халқының музыкалық мұрасы тек ән айтумен ғана шектеліп қоймай, халық аспаптарымен де ерекшеленеді. Халықтың музыкасынан өмірге деген ерекше құштарлықты сезінуге болады. Ол өзінің ерекше нәзік, көркем үлгісімен

өрнектеледі. Кыргыз халқының өткен тарихын, мәдениетін, салт-санасын, әдет-ғұрып, көркем дүниесін бейнелейтін музыкалық аспаптары ертедегі Енисей кыргыздарымен сабақтасып жатыр. Олар туралы мәліметтер, кыргыздардың тұрмыс-тіршілігімен қоса музыкалық аспаптары туралы мәліметтер өткен ғасырдағы саяхатшы, тарихшы этнографтардың, атап айтар болсақ, П.Семенов-Тянь-Шанский, Н.Северсев, Ш.Уәлиханов, С.Дмитриев, Ф.Поярков тағы да басқа да ғалымдардың сапар кезінде жазған ғылыми еңбектерінде кездеседі. Кыргыз музыкасы Алтай және хакас халықтарының музыкасына жақын келеді. В.С.Виноградовтың пікірінше, кыргыз халқы музыкасы солтүстікке – Қазақстан, Оңтүстік Сібір, Орталық Азия халықтарына жақын келеді. Кыргыз музыкасы ерте кезеңдерде жеті сатылы негізден құрылған [2;252].

Әйгілі түркітанушы Махмұд Қашқаридың «Сборник тюркских наречий» атты еңбегінде кыргыздардың музыкалық аспаптарының аттары берілген, мысалы: кобуз, чан, буг, икома, боргун, су-бучу, урма, кую-рук, томурк, добулбас. Енді қазіргі таңда сол атаулары да сақталған – *комуз, кыл кыяк, чоор, сурнай, керней, добулбас, чопо чоор, жекесан, жылаажын, шылдырак, коңгуроо, асатаяк, доол, чымылдак, зулдак*. Осы аталғандардың ішінде ең ескісі «комуз», ол түркі халықтарына ортақ «Кітаби Деде Коркут» (8-9 ғғ.) атты еңбекте кездеседі.

Көшпелі кыргыздардың музыкалық аспаптарын бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады. Олар: ішекті аспаптар (кыл аспаптар), оларға комуз, комуз бас, кыл кыяк жатады; үрмелі аспаптар (уиломо аспаптар), оларға чоор, сыбызгы, чопо чоор, керней, сурнай жатады; ұрмалы аспаптарға (жаргактуу урма аспаптар) добулбас, доол, дап жатады т.б.

Кыргыз халқы – тілі мен түрі, салт-дәстүрі, өнері мен музыкалық аспаптары жағынан ерекшеленетін халық: музыкалық өнерінің өзіндік тарихы, өте бай репертуары бар. Орындаушылары мен композиторлары музыка мұрасын ерте замандардың бүгінгі күнге жеткізді. Қазақтың жыршы деген орындаушыларын кыргыздар *ыршы* деп атайды. Күйші деген мағынаны *комузшы* дейді.

Кыргыз халықтарының музыкалық аспаптарын тайтын болсақ: *қомыз, қыл қияқ, жығаш, ооз қомыз, темір қомыз, гоор, сырнай, керней, добулбаз, доор т.б.* Олардың ішінен кыргыз халқының арасында кеңінен таралған ұлттық аспабы *қомуз* – үш ішекті музыкалық аспап. Аңыз бойынша комузды «Қамбар атты аңшы жасаған» деседі.

Кыргыздар бірде-бір мерекелерін, іс-шараларын комуз аспабынсыз өткізбеген. Қомуз сырт көзге қазақтардың домбырасына өте ұқсас келеді. Айырмашылығы – екі ішектің орнына сымнан тағылған үш ішегі бар. Үшінші-жыршылар осы комуз аспабының сүйемелдеуімен өздерінің ән-жырларын орындаған. Аспапты өрік немесе арша ағашынан, кейде жаңғақ пен қызыл ағаштан дайындайды. Қомуздың ішектерін тартып байлайтын үш құлағы бар. Аспаптың ұзындығы 85-90 см-ден аспайды [3]. Қомузшы (үш ішекті шертпелі аспапта орындаушы) жеңіл әуен тартқанда, теке ойнақтап, комуздан шыққан әуеннің ырғағына бағынып, әдемі би билейді. Аталмыш жанр «Ортеке» кыргыздарда «Тақ-теке» деп аталады.

«Тақ-текеде» қолданылатын әннің мәтініне зер салсақ, сөздердің бірнеше рет қайталанатын көруге болады:

Чойт, чойт, тақ-теке
Кайдасын, тақ-теке
Издеттин го, тақ-теке
Чой, чойт текелер
Ала-Тоонын тақ-теке
Ала-Тоонын текеси

Кыргыз зерттеушісі М.Қадыров келтірген. Автордың айтуы бойынша, кыргыз бен қазақтың жыраулық өнерінде қуыршақ «теке» бейнесі қолданылған. «Кейбір кыргыз бен қазақ жыраулары жыр айтқанда музыкалық аспаптың сүйемелдеуіне сәйкес ағаштан жасалған мергендер, теке, торпақты қимылдатып отырған. Жыршы аспаптың үнін шығарғанда, аталған бейнелер тіріліп, әр түрлі қозғалысқа келген» [4].

Типологиялық жағынан алып қарағанда, кыргыздардың комузына ұқсас қазақтарда *домбыра*, башқұрттарда *думбыра*, әзірбайжандарда *гопуз*, түріктерде *копуз*, хакастарда *хомыс* және якуттарда *тангсыр* бар. Сонымен қатар, халықта аты ұқсас *темир-қомуз/ооз қомуз* бар [4;718].

Ең алдымен тек кыргыз халқында ғана емес, сондай-ақ біраз түркітілдес халықтарда кездесетін, сонау IX-X ғасырларда «Кітаби Деде Қорқыт» атты оғыз эпосынан белгілі кобыз ішекті аспаптардың ішіндегі ең көнесі десек қателеспеспіз. Осы тұрғыдан кыргыз халқындағы *қыл-қияқ* осы қазақ халқындағы кобыз болса керек.

Кыл-кыяк/қыяк – өріктің немесе жаңғақ ағашынан жасалатын ысқышпен ойналатын ішекті аспап. Оның *кыяк* екі ішекті және «джаа» деп аталатын ысқышы бар. Кыяқтың пішіні ожауға ұқсас, жоғарғы бөлігі ашық, ал төменгі бөлігі түйе терісімен қапталған. Аспаптың ұзын-

дығы 70 см-ден аспайды, әдетте ішегі аттың қылынан жасалады. Ал қыяқтың (ысқының) сабы тобылғыдан жасалады. Әдетте қыяқта отырып ойнайды.

Келесі бір көнеден келе жатқан үрмелі аспаптың бір түрі – *чоор* қырғыз мәдениетінде орны ерекше аспап деуге болады. Негізінде чоор Қырғызстанның оңтүстік аймағына да малшылардың аспабы ретінде кеңінен таралған, чоорда ойнайтын адамдарды *чоорчу* деп атайды. Зерттеушілердің біразы *чоордың* түрлерінің көп екендігін және жасалатын материалының түрлеріне қарап рулық аспаптар қатарына жатқызады, мысалы: чогойно чоор (ошағаннан жасалған), камыш чоор (қамыстан), шилби чоор (бөріжидектен), сары жыгач чоор (бөріқарақаттан), балтырқан чоор (балдырған мен басқа да өсімдіктерден), жез чоор (балдан) деп бөледі.

Мысал ретінде 1992 жылы қырғыздың белгілі музыканты Нурланбек Нышанов чоор аспабын пластиктен жасаған екен. Ұзындығы 80 см, диаметрі 1,5 см құрайды, төрт тесігі бар. Н.Нышанбаев өзі жасаған осы чоорын Қырғызстандағы Жалал-Абад облысы, Сузак ауданындағы Турк-Абад ауылынан шыққан белгілі чоорчу Асанбай Каримовтың жеке аспабының негізінде құрастырған [5]. Чоорға ұқсас аспап алтайлықтар мен тувалықтарда – *шоор*, башқұрттарда *курай*, түрікмендерде – *гаргы тюйдук деп аталады*.

Тағы бір қырғыз халқының үрмелі аспаптары қатарына жататын *чопо чоор* – саз балшықтан жасалған аспап. Көбінесе ол елдің оңтүстік аймақтарында таралған және түрлі аттармен кездеседі, мәселен, *чопо чоор*, *ылай чоор* сынды. Профессор С.Субаналиевтің жинағында кездесетін ең ескі түрі ақ саздан кішкене шар тәріздес пішінде жасалған, биіктігі 5 см көп емес. Екеуі ойнайтын, бірі ұңғыша тәріздес келген тесіктерінің орналасуының өзінде бір мән бар, яғни бір уақытта ерінмен де, сұқ саусақтармен де жауып ойнауға болады [5]. Қазіргі таңда бұл аспап өзгерген, жетілген.

Сыбызғы (сыбызғы) – бұл да үрмелі аспаптың бір түрі. Оның чоордан ерекшелігі аэрофоны көлденең болады.

Сыбызғы аспабы қазақ халқында кездесетін сыбызғыға өте ұқсас, одан бөлек өзбек (*сибизик*), татар, башқұрт халықтарында да кездеседі. Сыбызғының да чоор секілді екі түрі бар, бірі – халықтық, екіншісі – жетілдірілген түрі. Сыбызғыны тұт ағашынан, өрік ағашынан, бөріқарақаттан, қамыстан, мыстан дайындайды. Аспаптың ұзындығы 50 см құрайды, диаметрі –

2 см шамасында болады. Бұрыннан келе жатқан аспаптың дыбыс шығаратын 6-7 тесігі, ал жетілдірілген түрінің 10 тесігі болады [5].

Сурнай – үрмелі аспап. Ұзынша келген, төменгі бөлігі ашық түтікше түрінде келген. Бас жағына дөңгелек келген жез түтік орнатылған, қамыстан жасалған. Бұл аспап добулбаспен, кернеймен бірге түрлі жорықтарда, ат шабыстарда, ер адамдардың түрлі сайыстарында, тіпті той-думандарда ойналған. «Манас» жырында «сурнай кулак тундуруп», «сурнай үнү такылдап» деп сипатталады.

Керней – қырғыздың ұлттық үрмелі асабы, *керней* мен *сурнай* ансамбльде, оркестрде ойнауға арналып жаңартылып жасалмаған, тек қана дәстүрлі аспап ретінде қалған. Дыбысы өте күшті. Кернейдің екі түрі бар – *мүйіз керней* (мүйіз керней) және *жез керней*. Мүйіз керней – ертеден келе жатқан ескі аспап. Оны тауешкінің мүйізінен жасайды, ал оның ұзындығы 3-40 см құрайды. Ал *жез керней* ұзын келген 1-2 метрді құрайтын аспап. Жалпы кернейге өзбек пен ұйғыр халықтарындағы карнай аспабы ұқсайды. Кернейдің дыбысы өте күшті, қатты, ашық кеңістікте шырқауға арналған [6].

Добулбаш\добулбас – ұлттық ұрмалы аспап. Ол адамның көркем ойлауына әсер ететін бірден-бір мықты құрал саналады. Добулбаш бір жақты, төбесі түйенің терісімен қапталған барабан. Арша ағашынан жасалған, биіктігі 60 см аспайды, мамбрананың диаметрі 52-30 см құрайды. Барабанның дауысы қамшымен немесе алақанмен ұру арқылы шығады. Дыбысы өте күшті.

Добулбас аспабының алғашқы үлгілерін Ош облысында тұратын шеберлер жасаған. Қырғыз республикасының баспасөз беттерінде бұл туралы «Қырғыз халқының көне музыкалық аспабы барабан добулбаш қайта шырқалды. Мәңгіге жоғалған мұрамыз тек аңыздарда ғана айтылатын... Т. Эргеш атты шебер ескі аспапты қайта қарап, жаңасын жасады» делінген. Осылайша, шебер добулбаш аспабының үш түрін жасады – үлкен, орташа және кіші. Пішінінде ғана айырмашылы бар.

Доол – пішіні шағын ғана, ағаштан немесе металды қаптамадан жасалатын алтын түстес барабан. Ағаш таяқшамен ұру арқылы дыбысы шығады. Ертеде оның көмегімен шамандар адамдар арасындағы жауыз рухтардан тазартатын.

Қырғыз халқында көне заманнан келе жатқан «какма» аспап *темир қомуз* (темир ооз комуз) – темірден жасалған сүйір тілшесі бар музыкалық аспап. Ұзындығы – 6-7 см құрайды. Әдетте

аспапты жезден, күмістен, мыстан жасайды. Ортасында оң қолдың саусағымен ұстап тұратын «шанышқы» тәріздес «тілшесі» болады. Аспапта ойнау тәсілі де өзгеше. *Темир қомусты* ерінге қойып, тіске тіреп ойнайды. Аспап дыбысы тілшені саусақпен шалып тартқан кезде серіппенің тербелісі арқылы шығады. Ауыз қуысы аспап резонатордың қызметін атқарады. Қырғыз халқының дәстүрі бойынша, темир комузды жаңа туылған нәрестенің бесігінің жанында тартса ақылды, талантты баланың өсуіне себеп болады дейді [6].

Аспап көптеген халықтарда әр түрлі атпен кездеседі: шаңқобыз, темір қомыз, чангқобуз, кубыз, тумра, коусян т.б. атаумен темир комузға ұқсас аспаптар қазақ, өзбек, түрікмен, тува, якут, хакас, татар, қарақалпақ, дүнген, башқұрт, моңғол т.б. халықтары арасында кең тараған.

Қырғыздың ең байырғы музыкалық «какма» аспаптарының бірі – *жыгач ооз кому*. Бұл аспап Өзбекстанда өмір сүретін қырғыздардың арасында кеңінен тараған, сондай-ақ Аксы, Ала-Бука аймақтарында да кездеседі. Аспаптың ұзындығы 15-18 см. Бір жақ бөлігі ішке қарай орналасып, ортасынан дыбыс шығаратын тілі болады. Жалы *жыгач ооз комузды* тауда өсетін бөріқарақаттан жасайды.

Түркі тілдес халықтардың музыкалық аспаптарының пайда болуы, шыққан тегі бір. Ежелгі түрік жазбаларында аттары аталатын кейбір аспаптар түркі тілдес халықтарда күні бүгінде кездеседі. Енді қырғыз халқында кездесетін аспаптарды кейбір түркі тілдес халықтармен салыстырмалы тұрғыдан қарастырып көрсек.

| № | Түрі | Қырғыз | Қазақ | Өзбек | Түрікмен | Татар |
|----|-----------------|-------------|------------|------------------|-------------------|---------|
| 1 | Ішекті аспаптар | Комуз | Домбыра | Танбур | Танбур/ тамбур | Думбыра |
| 2 | | Кыл кыяк | Қобыз | Кобуз/ Гижжак | | |
| 3 | Ұрмелі аспаптар | Чоор | | | Тюйдук | Курай |
| 4 | | Чопо чоор | Саз сырнай | | | |
| 5 | | Сыбызгы | Сыбызғы | Балабан | | Сыбызга |
| 6 | | Сурнай | Сырнай | Сурнай | Сурнай | Сорнай |
| 7 | | Керней | | Карнай | Кернай | |
| 8 | Ұрмалы аспаптар | Добулбас | Дауылпаз | Дол/ Чиндаул | | |
| 9 | | Доол | Дабыл | Нагора | | |
| 10 | | Темир комуз | Шаңқобыз | Темир чанг кобуз | Гопуз | Кубыз |

Жоғарыда келтірілген шағын кесте бойынша түркі тілдес халықтардың көне музыкалық аспаптарының шыққан тегі бір болуы керек деген болжам жасауға болады. Сонымен қатар осы айтылған халықтардың біртектес аспаптарының жасалу құрылысында, тұрмыста қолдануында, даусында, оларда ойнау тәсілдерінде бір-біріне ұқсас, ортақ жайттар көп.

Қырғыздың классикалық дәстүрлі музыкасы – ғажайып рухани мұра. Ол сонау ерте заманда өмір сүрген ата-бабалары жасаған көшпелі мәдениетінің негізінде қалыптасып, осы күнге жетіп отыр. Сондай-ақ қырғыз халқының бай музыкалық мұрасы халық мәдениетінің жаңа

кезеңінде өзінің айрықша келбетін, қайталанбас құндылығын аша түсті.

Қырғыз халқының музыкалық аспаптарын сөз еткенде, батырлық жырлардың ең көлемділерінің бірі – қырғыздың «Манас» жырын айтпай кетуіміз мүмкін емес. Қырғыздардың әлемдік аренадағы ең басты бренді – «Манас» эпостық жыры. Миллионнан астам жолдан тұратын жыр әлемдегі ең ұзын туынды ретінде Гиннес рекордтар кітабына енген. Сондай-ақ, аталмыш жыр ЮНЕСКО қорғауына алынған. «Манас» қырғыз халқының мәдениетін, философиясын, дәстүрі мен тарихын, көзқарасын, топонимикалық, этногенетикалық және тарихи атауларды түгел қамтығанымен де ерекше.

«Манас» жыры 400-500 мың жолдан тұрады. «Манас» жырын апталап, кейді тіпті айлап та жырлаған. «Манас» жырының негізгі мазмұны елі мен жерін жаудан қорғаудағы батырлар ерлігі баяндалады. Манастың ел қорғаудағы батырлық ісін оның баласы Семетей және немересі Сейтек жалғастырады. «Манас» жыры үлкен үш бөлімнен тұрады. Олар: «Манас», «Семетей», «Сейтек» деп, үш батырдың асқан ерлігіне арналады. «Манас» жырын орындаушыларды «Манасчы», «Семетейчи» және «Сейтекчи» деп атаған. Ең қызығы, «Манас» жырын аспапсыз орындаған. Бұл да бір музыкалық мұраға бай халықтың бір жұмбағы іспеттес.

Қорытындылай келгенде, алуан тарихи деректерге жүгіне отырып, қырғыз халық өне-

рінің қорымен, музыкалық аспаптарының түрімен таныстыруды мақсат тұттық. Қырғыз музыкасына арқау болған әр түрлі музыкалық аспаптар заманға сай түрленіп, жаңа ұғымда, жаңа мазмұнда пайдаланылып, қырғыз өнерін әлемге танытып келеді. Шындығында, қырғыз халқының музыкалық аспабының қай түрі болмасын көнермейді, керісінше заман ағымына сай өзгеріп, жаңарып, жаңа туынды ретінде өмір сүреді. Бүгінгі таңда қайта көркейген, жаңа мазмұнға ие болған, өмірімізден өзінің лайықты орнын алған жоғарыда аталған музыкалық аспаптар өткеннің ескерткіші ғана емес, күнделікті мәдениетті дамытатын, ажарын ашатын рухани құндылық болып қала береді.

Әдебиеттер

- 1 Виноградов В. Киргизская народная музыка. – Фрунзе, 1958. – 260 с.
- 2 Абрамзон С.М. Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи. – Фрунзе: Кыргызстан, 1990. – 472 с.
- 3 Комуз // Большая советская энциклопедия. // <https://ru.wikipedia.org/> Комуз Изд. 4. Том 14. – М., 2009. – С. 718.
- 4 Кадыров М.Х. Историко-типологические корни, связи черты узбекского традиционного театра кукол. – Ташкент, 1992.
- 5 <https://www.neweurasia.net/> //Кыргызские национальные инструменты: неповторимый колорит древности»
- 6 Духовые кыргызские музыкальные инструменты // <http://www.open.kg/about-kyrgyzstan/> 06 ноябрь 2014

References

- 1 Vinogradov V. Kirgizskaja narodnaja muzyka. – Frunze: 1958. – 260 s.
- 2 Abramzon S.M. Kirgizy i ih jetnogeneticheskie i istoriko-kul'turnye svjazi. – Frunze: Kyrgyzstan, 1990. – 472 s.
- 3 Komuz // Bol'shaja sovetskaja jenciklopedija. <https://ru.wikipedia.org/> Komuz Izd. 4. Tom 14. – Moskva, 2009, s.718.
- 4 Kadyrov M.H. Istoriko-tipologicheskie korni, svjazi cherty uzbekskogo tradicionnogo teatra kukol. – Tashkent, 1992
- 5 <https://www.neweurasia.net/> //Kyrgyzskie nacional'nye instrumenty: nepovtorimyj kolorit drevnosti»
- 6 Duhovye kyrgyzskie muzykal'nye instrument// <http://www.open.kg/about-kyrgyzstan/> 06 nojabr' 2014.